**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**
**4 тоқсан 7-бөлім: Тамақ және сусын , 4 сабақ**
**Сабақтың тақырыбы: Жемістер мен көкөністер**
**Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары: 1.1.1.1 Сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету**

**Сабақтың мақсаттары:**

**Барлық оқушы орындайтын:**

Сөздерді зейін қойып тыңдайды, мағынасын түсінеді.

**Оқушылардың көбі орындайтын:** Сөздерді зейін қойып тыңдайды, мағынасын түсінеді, ажырата алады.

**Кейбір оқушылар орындайтын:**

Сөздерді зейін қойып тыңдайды, мағынасын түсінеді, соған қарай әрекеттенеді (ауызша сөйлем құрай біледі, сұрақтарға жауап бере алады)

# Топқа бөлгенде қолданылатын жеміс, көкөністердің суреттері



**«Тыңда, қайтала» әдісі.** Интербелсенді тақтада сурет көрсетіледі, сол суреттегі жемістер мен көкөністердің атауларын тыңдап, қайталайды, мағынасын түсінеді, естеріне сақтайды.



құлпынай



асқабақ





лимон



қарбыз

**Жемістер мен көкөністер**

Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, өрік, шабдалы, шие.









Көкөністерге:картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қияр, қызанақ т.б. жатады.









# «Сәйкестендір».

***Жеміс, көкөніс, қарбыз, қауын, жүзім, қияр, орамжапырақ, алма, шабдалы, қызылша, картоп, бұрыш, пияз, шие, тәтті, қышқыл, сары, қызыл, домалақ, сопақ, жинаймыз, тереміз, бақ, бақша.***
























  

 

# ЖЕМІСТЕР




# КӨКӨНІСТЕР



# СЕРГІТУ СӘТІ



# «Ұйқас сөздігі» ойыны

Гранат - Анар

Огурцы – ... (қияр),

По русский – орысша

Свекла - ...(қызылша)

Жираф – керік,

Абрикос - ... (өрік)

Один – жалғыз,

Арбуз - ...  (қарбыз)

# «Кубик» әдісі.




Текшенің алты қырында сандар жазылған, сол сандарда бір затқа қатысты сұрақтар берілген, яғни текшені лақтыра отырып, түскен санға қатысты сұраққа жауап береді, сол жеміс не көкөніс жайлы айтып береді. Дұрыс айтылған жауапқа сол жеміс не көкөністің суреті беріледі.

**Мысалы, сұрақтары:**
- Алма жеміс пе?
-Алма қандай?
- Алма қайда (неде) өседі?
- Алманың қандай түрлері бар?
- Алма пайдалы ма?
- Алма несімен пайдалы?

# Кері байланыс

**Оқушыларға үш түрлі сурет беріледі.**
**Тақтада сол суреттерге қатысты ойлар жазылған.**
**Үш суреттің біреуін таңдап алып, көрсетеді.**
**Сол бойынша балалардың ойын білу.**



**- толық түсіндім**



**- сұрақтарым бар**



**- түсінбедім**

***Орнымыздан тұрайық,***
***Шеңберді біз құрайық.***
***Көріскенше күн жақсы,***
***Сау-саламат болайық!***